Бекітемін
«Береке» бөбекжай
балабақшасының басшысы ______ Мыстыбеков Н

# «Береке» бөбекжай балабақшасы

# Тақырыбы: «Қыз сыны аруы »



*Тәрбиеші:* ***Ажембаева Ж***

2022-2023 оқу жылы

Қыз сыны тақырыбы: «Қыз сыны аруы - 2023»

**Жүргізуші:** Армысыздар қадірменді қонақтар
Армысыздар ақ жаулықты аналар
Бүгінгі кеш арулардың сайысы
Сіздердікі тамашалау, бағалау.

Сіздерді «Болашақ ересек тобының қыздары арасында өтетін «Қыз сыны аруы - 2023» қыз сыны байқауын тамашалауға шақырамыз.

Сайыс бағдарламасы 4 бөлімнен тұрады:
Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қорларын дамыту.
Мәдениеттілікке, әдептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

- Тегін білу тектілік. (таныстыру)
- Өнерлі - өрге жүзер.(өз өнерлерін көрсету)
- Талаптыға нұр жауар. (үй тапсырмасы. Қолөнер)
- Қыздарға әсемдік жарасады. (сән үлгісі)

Жүргізуші: Әділ қазы береді,
Өздеріңе билікті
Өнерде кім жеңеді
Сол алады сыйлықты.
Бүгінгі сайыстың әділ бағасын беріп, сайыстың жеңімпазын анықтайтын әділ қазылар алқасымен таныс болыңыздар!

1. Досы Бағила
2. Жаппарова Жанар
3. Багімбетова Балжан

Жүргізуші: Балғын жүзі албырап,
Қанатын жаңа қаққан
Қарсы алайық аруларды
Сайысқа дайын тұрған.

- **Бірінші сайысымыз «Тегін білу тектілік» Таныстыру.**

Армысыңдар!
Қош келіпсіз халайық!
Ал қанекей «Қыз сайысын»
Міне бастайық!
Мен боламын
Асан Айзере
Жасым төртте
Руым Ысық
Міне өзі!

**Ашып өмір есігін**
**Тербетті анам бесігін,**
Әдемі, ақылды қыз болдым.
Мақсұда менің есімім.

Таныстырсам өзімді,
Айдосқызы Томириспін,
Бұл сайысқа қатысып,
Талаптанып көремін.
Әнді жақсы айтамын,
Болып жатқан сайыста,
Бақты сынап мен бүгін,
Озып шығам қалайда.

Отырмысың көрермен
Залға бүгін жиылып
Сөз анасы сәлем деп,
Тізе бүгем иіліп.
Мен де шықтым ортаға
Қанатымды жая
Алдарыңа кеп тұрған
Беркін Айзеремін
Атамның жұлдызымын,
Әжемнің құндызымын,
Үш жасынан бәйге шапқан
Адайдың бір қызымын!

Армысыздар ағайын
Сәлемдесіп алайын
Таныстырсам өзімді
Құранбай Жанерке
Ұлыстың ұлы күнінде
Тілеймін мен баршаңа
Амандық пен бақытты

2. Келесі сайысымыз «Өнерлі өрге жүзер». Ару қыздарымыз өз өнерлерін ортаға салады

Сахнада биші емес құс сияқты,
Елестейді бір көрген түс сияқты.
Әжесінің ұршығындай иірілгенде,
Жер шарын айналдырған күн сияқты.

Асан Айзеренің орындауында «Қуыршақ» биін қарсы алыңыздар.

Тақпақты да жаттаймын
Би билеп, ән де айтамын
Ата - ананың үмітін
Ақ сеніммен ақтаймын – деп өз өлең шумақтарымен

Қайым Томирис өз өнерін көрсетеді

...ғн салғызып, билетіп,
...ылғи бізбен жүреді,
Тақпақты да үйретіп,
Ойнатады, күледі.
Қызық - қызық ертектер
Біздерге оқып береді.
Жылауық та, тентек те,
Сол апайға көнеді
Естіп кейде қаламын -
Тәрбиеші апайды
«Қамқоршысы баланың»
Деп атайды анашым.

Ортада Беркін Айзере «Қара жорға» бимен

Жарыс десе жайнаған
Намысында қайраған
Тоты құстай құлпырып
Сандуғаштай сайраған -
Құрбанбай Жанерке « Апам үшін күнде де» әнімен қарсы алыңыздар.

3. Үшінші сайысымыз «Талаптыға нұр жауар»Қыздарымыз өздерінің үйлерінен жасап әкелген қол еңбектерін көрсетеді.

Жүргізуші: Қыздарға әсемдік жарасады
Ай көркі биіктетер аласаны
Болмаса ару қыз сұлу әйел

4. Келесі сайысымыз «Сән үлгісі». Қыздарымыз дайын болғанша гүлдер тобының ер балаларының орындауында қара жорға бимен қарсы алыңыздар
Сөз кезегін әділқазылар алқасына береміз.

Бас жүлде Қайым Томирис
1- Орын Асан Айзере
2- Құрбанбай Жанерке
3- Беркін Айзере

Балабақша тәрбиешісі: Әжембаева Жанар


Ряд 1
9
8
7
6
5
4
3
2
1
0
Категория 1
Категория 2
Категория 3
Категория 4
Ряд 1